«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

N01-С-212/243
06.04.2021 жыл

**«Қызмет сервис
групп» ЖШС-нің
директоры Ж.Ескалиеваға**

Мекен-жайы: Атырау қ., Нажмиденов көшесі 165-3.

Қазақстан Республикасы қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі –Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 12 наурыздағы №92092 шағымыңыз бойынша *(12.03.2021 жылы №3Т-Е-212 санмен тіркелген)* «Махамбет ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-мен конкурс тәсілімен жарияланған №5527894-1 «*Махамбет ауылдық округінің елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету қызметтері*» мемлекеттік сатып алудың қорытындысына камералдық бақылау жүргізіліп, төмендегіні хабарлайды.

Аталған конкурстың 11.03.2021 жылғы №4989661 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес «Қызмет Сервис Групп» ЖШС-нің конкурстық өтінімі *«27.01.2021 жылғы №5369737-1 хабарламамен берілген 1 мемлекеттік сатып алуға ұсынылған өтінімде біліктілігі туралы мәліметінің еңбек ресурстары бойынша: 4 адамнан кем емес 4 қоғамдық қызметкері болуы: 2) Ж.А.Майбасова (жұмысшы, бұйрық 05.01.2021 №3, еңбек шарты 05.01.2021 ж. №3) жеке куәлігі жоқ, еңбек шарты күні бұйрыққа сәйкес келмейді және Қ.Құбаевтың еңбек шарты нөмірімен күні бір, осы орайда «ҚызметСервисГрупп» ЖШС-гі тарапынан біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталып, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылды. Алайда қайта өткізілген мемлекеттік сатып алуға аталған қызметкері бойынша анық емес болып танылған мәлеметін қайта ұсынып отыр. Сонымен қатар 27.01.2021 жылғы №5369737-1 хабарламамен берілген 1 мемлекеттік сатып алуға ұсынылған өтінімде анық емес ақпарат ұсынуына байланысты ҚР"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының талаптарына сәйкес ЖШС-гін мемлкеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 23.02.2021 жылғы №10-21-01/73 талап арыз жолданып, қазіргі уақытта 23.02.2021 жылғы №2301-21-00-2/313 азаматтық іс қозғалып қаралуда. Біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталып, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылды 2. Біліктілігі туралы мәліметінің материалдық ресурстары бойынша: Әрбір қоғамдық қызметкерге 4 кем емес болуы: 1) күректер, шанышқылар, шеткалық сыпырғыштар талаптары бойынша біліктілігі туралы мәліметінде ұсынылмаған.;»* деген негіздермен бас тартылған.

«Қызмет Сервис Групп» ЖШС-нің өтінімінің конкурсқа қатысуға жібермеу бөлігінде:

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасында *«әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады»* деп атап көрсетілген.

Осы ретте, Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб порталына орналастырылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасының 4 тармағында әлеуетті өнім берушілерге *«вилы – 2 дана, лопата – 2 дана, бульдозер – 1 дана, спецтехника вакуум – 1 дана, большой погрузчик – 1 дана, мини погрузчик – 1 дана, автомашина вместимостью не менее 5 человек – 1 дана, веник, щетка для подметания – 2 дана, трактор с прицепом – 1 дана, водитель автомашины – 1 адам, общественные работники – 2 адам, водитель трактора с прицепом – 1 адам, водитель мини погрузчика – 1 адам, водитель большого погрузчика – 1 адам, охранник – 1 адам, учетчик – 1 адам, водитель спецтехники вакуум – 1 адам»* болуы туралы біліктілік талаптар қойылғандығы анықталды.

Сонымен қатар, КҚ-ның 6 қосымшасының *(біліктілігі туралы мәліметтер)* 5 тармағында *«растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, тауарларды жеткізу үшін қажет талап етілетін еңбек ресурстары туралы мәліметтер»* көрсетіледі және ескетпесінің 2 тармағында *«растау құжаттарының электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растау құжаттарының электрондық көшірмелерін бермеуге де болады»* делінген.

Сондай-ақ, КҚ-ның 6 қосымшасының *(біліктілігі туралы мәліметтер)* ескертпесінің 2 тармағында *«растау құжаттарының электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растау құжаттарының электрондық көшірмелерін бермеуге де болады»* және 3 тармағында *«материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс»* деп аталған.

Камералдық бақылаумен «Қызмет Сервис Групп» ЖШС-нің конкурстық өтінімі КҚ-ның 1-4 қосымшасының 4 тармағында талап етілген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талабына сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Осы ретте, конкурстық комиссияның «Қызмет Сервис Групп» ЖШС-нің конкурстық өтінімін біліктілік талабына сәйкес келмейтіндігі жөнінде бас тартуы (*Біліктілігі туралы мәліметінің материалдық ресурстары бойынша: Әрбір қоғамдық қызметкерге 4 кем емес болуы: 1) күректер, шанышқылар, шеткалық сыпырғыштар талаптары бойынша біліктілігі туралы мәліметінде ұсынылмаған.;»*) мемлекеттік сатып алу заңнамаларына қайшы болып табылмайды.

<u>Жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдіктердің қолдандау бөлігінде:</u>

Қағиданың 154 тармағында *«Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.*

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады» деп атап көрсетілген.

Сондай-ақ, Қағиданың 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттамаға 6 қосымшасының ескертпесінің 1 тармағында *«егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында <u>жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады»</u>* делінген.

Камералдық бақылаумен, «Қызмет Сервис Групп» ЖШС-мен конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасына сәйкес ұсынылған біліктілігі туралы мәліметте көрсетілген орындалған қызметтер үшін шартты жеңілдіктердің қолданбау бөлігінде мемлекеттік сатып алу заңнамаларының сақталауына камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен бұзушылықтар анықталмады, яғни көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері ұсынылмағандығы анықталды.

Камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 21 тармағы негізінде, шағымыңызда мәлімделген дәлелдер шегінде қаралғанын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, осы жауапқа қанағаттанбаған жағдайда басқа да жоғары тұрған органдарға шағымдану құқығыңыздың бар екендігін хабарлаймыз.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122 31 90 38